

**Су объектілеріне зиянды әсерлердің рұқсат етілетін шекті нормативтерін әзірлеу және бекіту ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 50 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**РҚАО-ның ескертпесі.**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 19-1/441 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 84-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Су объектілеріне зиянды әсерлердің рұқсат етілетін шекті нормативтерін әзірлеу және бекіту ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Осы қаулымен бекітілген Ереженің 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 7-тармағынан басқасы осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 9

қ а ң т а р д а ғ ы

N

5 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Су объектілеріне зиянды әсерлердің рұқсат етілетін шекті нормативтерін әзірлеу және бекіту Ережесі**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Су объектілеріне зиянды әсерлердің рұқсат етілетін шекті нормативтерін әзірлеу және бекітудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес әзірленді және су объектілеріне зиянды әсерлердің рұқсат етілетін шекті нормативтерін әзірлеу және бекіту (бұдан әрі - ЗӘРШ) тәртібін белгілейді.

2. Су объектілеріне ЗӘРШ-тің нормативтері жер беті және жер асты суларын экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай жай-күйде ұстау мақсатында белгіленеді әрі оның мақсатты нысанасын ескере отырып, шаруашылық және өзге де қызметтің әрбір түрінің су объектісіне әсерін кешенді бағалау үшін қолданылады.

3. Шаруашылық және өзге де қызмет түрінің су объектілеріне зиянды әсерлерінің түрлері, оларды бағалау үшін қолданылатын көрсеткіштер, су объектілеріне ЗӘРШ-тің нормативтерін әзірлеу әрі олардың қолданылу мерзімдерін анықтау белгіленген тәртіппен бекітілген әдістемелік нұсқауларға сәйкес айқындалады.

4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:  
зиянды әсер - оның салдарынан экологиялық жүйенің тұрақты жай-күйінің бұзылуы, нақты су объектісінің, бассейннің немесе оның бір бөлігінің (учаскесінің) сандық жағынан едәуір азаюы немесе жай-күйі сапасының нашарлауы орын алған шаруашылық және өзге де қызмет түрінің су объектісіне зиянды әсері;

су объектісіне зиянды әсерлердің рұқсат етілетін шекті нормативі (бұдан әрі - ЗӘРШ нормативі) - оның сақталмауы нақты су объектісінің, немесе оның бір бөлігінің (учаскесінің) экологиялық жүйесі табиғи жай-күйінің біржола бұзылуына әкеп соғуы мүмкін, белгіленген тәртіппен бекітілген шаруашылық және өзге де қызмет түрінің су объектісіне зиянды әсерінің рұқсат етілетін шекті мөлшері;

шаруашылық және өзге де қызмет түрінің су объектісіне зиянды әсерінің рұқсат етілетін шегі - экологиялық жүйенің табиғи құрылымы мен қалыпты жұмыс істеуі сақталатын әрі халықтың денсаулығына зиян келтірілмейтін шаруашылық және өзге де қызмет түрінің су объектісіне зиянды әсерінің (антропогендік жүктеме деңгейі) шекті деңгейі.

## 2. Су объектілеріне зиянды әсерлердің рұқсат етілетін шекті нормативтерін әзірлеу және бекіту

5. ЗӘРШ-тің нормативтерін әзірлеу үшін мыналар негіз болып табылады: ұзақ уақыттағы әсері су объектісі экологиялық жүйесінің өзгеруіне әкеп соқпайтын антропогендік жүктеменің рұқсат етілетін шекті шамасы; су объектісі мен оның су жиналатын алаңына түсуі ықтимал зиянды заттардың рұқсат етілетін шекті массасы.

6. Су объектілеріне арналған ЗӘРШ-ті әзірлеу рәсімі мыналарды: су объектісін мақсатты пайдалану оның бассейніндегі шаруашылық және өзге де қызметі туралы ақпарат жинау және қолда бар ақпаратты талдауды; санитарлық-эпидемиологиялық, балық шаруашылығы және экологиялық талаптарды ескере отырып, су объектісінің қазіргі жай-күйін бағалауды; су объектісіне әсер ету көздерінің сандық және сапалық сипаттамасын қ а м т и д ы .

7. ЗӘРШ-тің су объектілеріне арналған нормативтерін арнайы жүргізілген ғылыми зерттеулер, іздестіру және жобалау жұмыстары нәтижесінің негізінде ғылыми жұмыстарды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды жүргізуге құқығы бар ғылыми, мамандандырылған және жобалау ұйымдары ә з і р л е й д і .

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қ а у л ы с ы м е н .**

8. Шаруашылық және өзге де қызмет түрінің ұзақ уақыт әрі қарқынды әсеріне ұшырайтын аумақтарда орналасқан су объектілеріне және/немесе ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріне арналған нормативтер бірінші кезекте ә з і р л е н е д і .

9. ЗӘРШ-тің әзірленген нормативтері міндетті түрде келісуге қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға, жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органға, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органға және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға ж о л д а н а д ы .

10. ЗӘРШ-тің нормативтерін осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органдарда қарау әрі келісу мерзімі 90 күнтізбелік күннен а с п а й д ы .

**Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қ а у л ы с ы м е н .**

11. ЗӘРШ-тің су объектілеріне арналған келісілген нормативтерін су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орган 30 күн ішінде бекітеді.

12. Су объектісі бассейніндегі экологиялық ахуал өзгерген немесе су объектісінің жай-күйі туралы жаңа деректер алынған жағдайда ЗӘРШ-тің белгіленген нормативтері осы Ережеде белгіленген тәртіппен қайта қаралады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604  
Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК